

«29» 08 2025ж
(күні, айы, жылы)
№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің
перспективалық жоспары
«Қарлығаш» аралас (3-4 жас) тобы**

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған
музыка ұйымдастырылған іс - әрекеттің перспективалық жоспары

«Қарлығаш» аралас тобы

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс - әрекеттің міндеттері	
	3 жас	4 жас
Қыркүйек айы 2025 жыл	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап: сыбызғымен таныстыру.</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).</p> <p>Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p>Билер. Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.</p>
Қазан айы 2025 жыл	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспабы музыкалық балға, сылдырмақтың дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту. Барлығымен бір қарқында әнді таза айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүруді үйрету.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап: металлафонмен</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу</p> <p>Ән айту. Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер.</p>

	таныстыру.	Музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.
Қараша айы 2025 жыл	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспабы барабан, металлофонның дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Балаларды музыкалық аспап:қоңыраумен таныстыру</p>	<p>Музыка тыңдау. Тындалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.</p> <p>Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер. Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p>
Желтоқсан айы 2025 жыл	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспабы тұяқ, сырнайдың дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап:сылдырмақпен таныстыру</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)</p> <p>Ән айту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып өзгерту.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Астыаяқпен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.</p>
Қаңтар айы 2026 жыл	<p>Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту</p>	<p>Музыка тыңдау. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен)</p> <p>Ән айту. Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды</p>

	<p>Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап:маракаспен таныстыру</p>	<p>өзгерту.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Домбырамен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер. Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p>
<p>Ақпан айы 2026 жыл</p>	<p>Музыка тыңдау. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету</p> <p>Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту,</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өзбетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап:барабанмен таныстыру.</p>	<p>Музыка тыңдау. Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменән айтып жүру.</p>
<p>Наурыз айы 2026 жыл</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту. Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және</p>	<p>Музыка тыңдау. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Барабанмен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер. Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.</p>

	<p>металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>	.
<p>Сәуір айы 2026 жыл</p>	<p>Музыка тыңдау. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлфон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Металлофонмен қарапайым әуендерді ойнауды бекіту. Билер. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p>
<p>Мамыр айы 2026 жыл</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: даусы (ақырын- қатты), қарқыны (жылдам - баяу), көңіл – күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өзбетінше орындауына, таныс би қимылдарын</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p>

	<p>ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>	<p>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p>Билер.</p> <p>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>
--	---	---